

3


Табиғи газ:
тарифті белгілегенде
не ескеріледі?



Аппак дереккөзі

8

Сүйінбай ақын
суреті



Аппак дереккөзі



Сыр бойы

№104-105 (21179-21180) 18 шілде, сенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

- www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙІ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинмен келіссөз жүргізді. Дүниежүзілік жасанды интеллект конференциясына қатысуға шақырғаны үшін алғыс айтып, осы іс-шараның Шығыстың інжу-маржаны – Шанхай қаласында ұйымдастырылуы символдық мәнге ие екенін жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасын Қытай Коммунистік партиясының құрылғанына 105 жыл толуымен құттықтады.

– Қытайдың халықаралық қауымдастық алдындағы беделі зор және оның жетістіктерін бүкіл әлем мойындайды. Қазіргі таңда еліңізде жүзеге асырылып жатқан ауқымды өзгерістерді бәріміз үлкен қызығушылықпен қараймыз. Бұл, ең алдымен, Сіздің көреген басшылығыңыз бен қажырлы еңбегіңіздің арқасы деп санаймын. Өзіңізді халқын

алға бастап келе жатқан тегеурінді көшбасшы және жаһандық деңгейдегі парасатты саясаткер ретінде ерекше құрметтеймін. Сіз көтерген игі бастамаларды қолдауға әрқашан дайынбыз. Қазақстан Қытаймен мәңгілік әрі стратегиялық серіктестікті жан-жақты нығайта беруге қашанда мүдделі. Соңғы жылдары мемлекеттеріміз арасындағы саяси диалог айтарлықтай жандана түсті, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, тараптар сауда-экономикалық салада мол табысқа қол жеткізді.

Қытай – Қазақстанның ірі сауда серіктесі. Осы уақытқа дейін ҚХР еліміздің экономикасына 30 миллиард доллар инвестиция салды. Былтыр екіжақты сауда-саттық көлемі 49 миллиард долларға жетті. Қазір Қазақстанда 8,5 мыңнан аса Қытай компаниясы жемісті жұмыс істеп жатыр. Өнеркәсіп, энергетика, газ-химия, машина жасау және ауыл шаруашылығы секілді экономиканың түрлі секторында бірлескен ірі жобалар жүзеге асырылуда.

Қасым-Жомарт Тоқаев мәдени-гуманитарлық байланыс жылдан жылға нығайып келе жатқанына тоқталды.

– Былтыр Қазақстанға 1 миллионнан астам Қытай азаматы сапарлап келді. Екі ел астаналарында мәдени орталықтар ашылды. Елімізде Лу Бань шеберханалары табысты жұмыс істеуде. Бұл – қос халықтың арасында қалыптасқан достық пен өзара сенімнің тағы бір айғағы, – деді Президент.

Мемлекет басшысы халықаралық аренадағы ықпалдастықтың жоғары деңгейіне назар аударды. Екі мемлекеттің жаһандық орықты даму және қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесіне қатысты ұстанымдары – ортақ.

Атап айтқанда, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес, «Орталық Азия – Қытай» форматы аясында тиімді байланыстар орнаған.

Өз кезегінде ҚХР Төрағасы Қазақстан Президентіне ілтипат білдіріп, екіжақты күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді талқылауға орайлы мүмкіндік туып отырғанына назар аударды.

– Бірлескен күш-жігердің арқасында Қытай мен Қазақстанның мәңгі әрі жан-жақты стратегиялық серіктестігі жоғары деңгейге жетті. Өзара ықпалдастықты дамытудың әлеуеті өте зор. Қазақстан Президенті Қытаймен достық саясат жүргізіп отыр. Бұл халықтарымыздың мүддесіне сай келеді, – деді Си Цзиньпин.

Сонымен қатар ҚХР Төрағасы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан ауқымды өзгерістерге жоғары баға беріп, жаңа Конституцияның қабылдануымен құттықтады және алдағы Құрылтай сайлауына сәттілік тіледі.

2-бет

/// МЕЗГІЛ

ҚЫСҚА ҚАМДАНҒАН ҚАПЫ ҚАЛМАЙДЫ

Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен Қызылорда қаласында бой көтерген жаңа жылу-электр орталығы 240 мегаватт электр, 277 гигакалория жылу энергиясын өндіреді. Орталық құрылысына түркиялық «АксаEnergy» компаниясы 215 млрд теңге инвестиция салды.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев орталық жұмысымен танысты.



2-бет

/// ӨРКЕН

Республикалық маңызы бар KAZ-06 автомобиль жолының Қызылорда қаласынан Сексеуілге дейінгі бөлігін ІІ техникалық санаттан І санатқа ауыстыруға бағытталған кешенді жобаның бірінші кезеңі «Қыран» ЖШС жүргізуде. Айналма жолдың жалпы ұзындығы 25,8 шақырым, жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынған.

КЕШЕНДІ ЖОБАНЫҢ БІРІНШІ КЕЗЕҢІ

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев республикалық маңызы бар жол құрылысымен, индустриялық аймақтағы жобалармен танысу барысында алдымен KAZ-06 «Қарабұтақ-Қызылорда-Шымкент» автомобиль жолы құрамындағы Қызылорда қаласының айналма жолы

құрылысының алаңына барды. Жауапты сала басшылары мен мердігер мекеме өкілдері жобаны іске асыру кезеңдері, құрылыс-монтаж жұмыстарының қазіргі жай-күйі, алдағы жоспар жөнінде баяндады.

2-бет



Суретті түсірген Бағдат ЕСЖАНОВ

/// НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ТАСБӨГЕТТІҢ КӨШЕЛЕРІ КӨРКЕЙІП КЕЛЕДІ

Халықтың бір сұранысы – жол. Белгілісі, саладағы құрылыс қарқыны аз уақыт ішінде Сыр өңіріне оң өзгеріс әкелді. Мысал келтірсек, 2022 жылдан бүгінге дейін жол инфрақұрылымын дамытуға 185,8 млрд теңге бөлінді. Осы уақытта 1700 шақырым автомобиль жолы мен 35 көпір өткелі салынды. Жұмыс әлі де тоқтаған жоқ. Нәтижесінде облыстағы жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдың үлесі 82-ден 95 пайызға жетті.



Суреттерді түсірген Нұрболат НҮРЖАҒЫБАЙ

Бұған дейін облыс орталығында көптеген жоба іске асқан болатын. Атап айтсақ, Бейбарыс сұлтан көшесінен Б.Баймаханов көшесіне дейінгі аралықтағы Тараз көшесі, Бейбарыс сұлтан көшесі Н.Назарбаев даңғылынан «Қызылорда-Күмкөл» трассасына дейінгі жол төрт, Н.Назарбаев даңғылынан Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылына дейінгі бөлік алты жолаққа айналды. Одан бөлек, Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылы төрт жолаққа кеңейді. Даңғыл бойындағы Әбілқайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейін жаңа жол салынды. Ұзындығы 23,5 шақырымдық әуежайға кіреберіс жол төрт жолақты болды.

3-бет

Валюта бағамы

\$ 472,34 kzt

€ 541,25 kzt

₸ 6,01 kzt

Ауа райы:

Сенбі



+40°



+26°

Жексенбі



+39°



+27°

СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙІ

Мемлекеттер басшыларының кездесуі аяқталған соң Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметі арасындағы 2027-2030 жылдарға арналған сауда-экономикалық ынтымақтастық бағдарламасына және жол картасына қол қойылды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Дүниежүзілік жасанды интеллект конференциясының ашылу рәсіміне қатысты. Шанхайда өтіп жатқан дәстүрлі жиын биыл «Жарқын болашақ үшін жасанды интеллект саласындағы серіктестік» тақырыбына арналып отыр.

Мемлекет басшысы бұл конференция Қытайдың жасанды интеллект саласындағы айтулы жетістіктерін айқын көрсететінін атап өтті. Дүниежүзілік жасанды интеллект конференциясында жарияланған «Барша адамзат игілігіне қызмет ететін ЖИ» тұжырымдамасына қолдау білдірді.

Президенттің пікірінше, ЖИ экономика, сауда және жаһандық өзара байланыстың болашағын айқындайтын, толыққанды инфрақұрылымы бар салаға айналып келеді.

1-бет

– БҰҰ дерегіне сәйкес, жасанды интеллект инфрақұрылымына және онымен байланысты технологияларға салынған инвестиция жылына орта есеппен 47 пайызға өскен. 2033 жылға қарай жаһандық ЖИ нарығының көлемі шамамен 5 триллион долларға жетеді деп болжанып отыр. Демек, бір нәрсе анық: жасанды интеллектті басқару жүйесі кешенді сипатқа ие болуға тиіс. Ол жартылай өткізгіштер мен деректерді өңдеу орталықтарынан бастап этика, білім беру және адамның қадір-қасиетін қорғауға дейінгі бүкіл бағытты қамтуы қажет. Сонымен қатар трансформация үдерісі геосаяси шиеленіс ушығып, ірі әлемдік державалар арасындағы сенімге селкеу түскен, жік-жікке бөлінген кезеңде жүріп жатыр. Өкінішке қарай, мемлекеттердің көбі қажығыстарға тосқауыл қоюға мән бермейді, есесіне оның салдарын жоюға күш-жігерін сарқа жұмсайды. Жасанды интеллект алдын ала ескерту жүйесін, превентивті дипломатияны, гуманитарлық көмек пен бітімгерлік әрекеттерді күшейту арқылы бізге осы қисынсыз түсінікті өзгертетін тарихи мүмкіндік беріп отыр, – деді Мемлекет басшысы.

Президент бұдан кейін Қазақстан-ның жасанды интеллектіні дамытудағы

стратегиялық артықшылықтарына тоқталды. Еліміз технологиялық тоғысудың, цифрлық сауда мен халықаралық ынтымақтастықтың қарқынды орталығына айналу үшін мол әлеуетке ие.

– Энергетикалық ресурстардың мол қоры, аса маңызды минералдар кеніштері, заманауи көлік дәліздері мен жедел дамып келе жатқан цифрлық инфрақұрылым нарықтарды, технология және инновациялық экожүйелерді өзара ұштастыруға тың мүмкіндік береді. Цифрлық трансформация ұлттық даму стратегиямыздың басым бағыттарының бірі саналады. Қазақстанның жаңа Конституциясында жасанды интеллектіге, оның елімізді орнықты дамытуға қосар үлесіне баса назар аударылған. Сонымен қатар Ата заңымыз әр азаматтың дербес дерегінің қорғалуына кепілдік береді. 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялап, «Digital Kazakhstan-2029» ұлттық стратегиясын бекіттік. Жасанды интеллект туралы заң мен Цифрлық кодекс қабылданды. Елордала Smart City технологиялық платформасы іске қосылды. Көп ұзамай аталған тәжірибе Қазақстанның барлық ірі қаласында қолданылады. Бұдан бөлек, біз Алатау

қаласының дамуына стратегиялық тұрғыдан басымдық беріп отырмыз. Ол Орталық Азиядағы алғашқы толық интеграцияланған цифрлық шаһар болмақ. Әлемнің түкпір-түкпірінен, соның ішінде Қытайдан технологиялық компанияларды, инвесторлар мен новаторларды тарту үшін Конституцияда Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі айқындалды, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Алматыда БҰҰ ЭСКАТО жанынан орнықты даму мақсаттарына арналған Азия-Тынық мұхиты цифрлық шешімдер орталығы ашылатынын мәлімдеді. Трансұлттық цифрлық инфрақұрылым жасақтауға және ЖИ саласындағы саясатты және үйлестіруге қатысты бірқатар ұсынысты ортаға салды.

– Біз «Қазақстан-Қытай цифрлық көпірін» іске қосуды ұсынамыз. Басты мақсат – цифрлық сауданы жандандыру және «Бір белдеу, бір жол» бастамасы аясында цифрлық экономикаларды ықпалдастырудың тиімді үлгісін қалыптастыру. Өңдеу секторы, тау-кен өнеркәсібі, энергетика, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау және су ресурстарын басқару секілді салаларда жасанды интеллектіні қауіпсіз әрі кеңінен енгізу

ісін жеделдеткен жөн. Жасанды интеллектіні реттейтін ұлттық саясат пен заңдық тетіктерді өзара үйлестіру айрықша мәнге ие. ЖИ жүйелерін тестілеу мен сертификаттаудың ортақ стандарттарын түзу де өте маңызды. Біз жасанды интеллектіні теріс мақсатқа пайдаланудың алдын алатын, соның ішінде кибершабуыл, дипфейк, цифрлық алаяқтық пен басқа да қатерлерден қорайтын пәрменді шаралар әзірлеуіміз керек. Келесі жылды екі елде Жасанды интеллект саласындағы бірлескен бастамалар жылы деп жариялауды ұсынамыз. Қытай Үкіметі мұны қолдаса, зор ризашылықпен қабылдар едік, – деді Мемлекет басшысы.

Сөзін қорыта келе, Мемлекет басшысы еліміздің бейбітшілікті сақтау, орнықты даму және жан-жақты өркендеу жолында жасанды интеллектінің әлеуетін пайдалануға иетті барша серіктестермен нәтижелі ықпалдастық орнатуға дайын екенін жеткізді.

Конференцияның ашылу салтанатында ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин, Камбоджа Премьер-министрі Хун Манет, Таиланд Премьер-министрі Анутин Чарнвиракул және БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш сөз сөйледі.

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ВЕГЕТАЦИЯЛЫҚ КЕЗЕҢ ТҰРАҚТЫ ӨТІП ЖАТЫР



Мемлекет басшысының су ресурстарын тиімді пайдалану жөніндегі тапсырмасына сәйкес, өңірде суармалы егіншілікті әртараптандыру жалғасуда. Биыл күріш алқабы өткен жылмен салыстырғанда 10,9 мың гектарға қысқартылып, 70 мың гектар болды. Кейінгі төрт жылда күріш көлемі 19 мың гектарға немесе 21 пайызға азайды. Қысқартылған күріш алқаптарының орнындағы 10 мың гектар жерге суды аз қажет ететін дәндік жүгері егілді.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев ҚР Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітовпен кездесті. Кездесуде өңірдің су шаруашылығы саласының қазіргі ахуалы, вегетациялық кезеңнің өту барысы, су үнемдеу технологияларын енгізу және инфрақұрылымды жаңғырту мәселелері қаралды.

Аймақ басшысы министрліктің көрші мемлекеттермен жүргізген келіссөздерінің нәтижесінде биыл вегетациялық кезең тұрақты өтіп жатқанын айтты.

Бұқара қаласында өткен Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының отырысында «Шардарар» су қоймасына 2,8 млрд текше метр су жіберу туралы келісімге қол жетті. Шілденің 10-на дейін жоспарланған 2 млрд текше метрдің орнына 2,8 млрд текше метр су келіп, жоспар 40 пайыз артығымен орындалды.

Басқосуда өңірдің тыныс-тірші-

лігіндегі маңызды су жобаларын қолдау мәселелері талқыланды. Атап айтқанда, «Арал теңізінің солтүстік бөлігін қалпына келтіру» жобасын іске асыруды бастау. Жоба бойынша «Көк-арал» бөгетін 44 метрге дейін көтеріп, Солтүстік Арал теңізінің сыйымдылығын 34 млрд текше метрге дейін ұлғайту қарастырылған. Бұл аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға, тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік береді.

Қазалы ауданындағы 31 мың гектар егістікті, 120 мың гектар шабындық пен жайылымды сумен қамтамасыз ететін «Қараөзек» су қоймасының құрылысын бастау мәселесі де талқыланды. Жоба Ислам даму банкі қаржысы есебінен жүзеге асырылады.

Сондай-ақ су шығынын азайту үшін 66 каналды бетондау мәселесі қаралды. Бүгінде сараптамадан өткен 17 жобаны қаржыландыруға бюджеттік өтінім берілген.

ҚЫСҚА ҚАМДАНҒАН ҚАПЫ ҚАЛМАЙДЫ



Жоба аясында қуаттылығы 176 МВт 2 газ-турбиналық қондырғы, 95 МВт бу турбинасы, қуаттылығы 120 тн/сағ 2 бу қазандығы мен 150 Гкал/сағ 4 жылу қазандығы орнатылған.

Бүгінде жылу орталығы толық іске қосылып, 240 мегаватт электр энергиясы өндірілуде және қуаттылығы 150 МВт 4 су жылыту қазандығы қосылды.

Алдағы жылу беру маусымында Қызылорда қаласының тұрғындары жаңа станция арқылы жылумен қамтамасыз етіледі.

Бұдан кейін облыс әкімі «Қызылорда жылу-электр орталығына» барды. Қазіргі мұндағы жылу энергия көздерінің 85, жылу желілерінің 40 пайызы тозған. Станция 67 мегаватт электр, 355 гигакалория жылу энергиясын өндіреді.

Жалпы алдағы жылу беру маусымына дайындыққа 5,5 млрд

1-бет

теңге қаржы бөлу жоспарланған. Бұл қаражат есебінен 8,7 шақырым жылу желісін жаңғырту жобасы аяқталып, №1 және №2 газ-турбиналық қондырғыларға күрделі жөндеу жүргізіледі. Сонымен қатар, 1,3 шақырым жылу желісі, 1 қазандық, 1 турбина, 10 автономды қазандық, негізгі және қосалқы жабдықтар жөнделеді.

Облыс әкімі «Қызылорда электр тарату тораптары» мекемесіне де барды. Мекемеге қарасты 10608 шақырым электр желісі, 2058 қосалқы станция бар, ал трансформаторлардың жалпы қуаты – 1350 мегаватт.

Тұрғындардың қалыпты тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз ететін нысандарды аралау қорытындысымен жауапты сала жетекшілеріне тапсырмалар берілді. Олар – алдағы жылу беру маусымына дайындықты уақытылы, сапалы жүргізу, тұтынушыларға электр энергиясын тұрақты жеткізу.

/// САЙЛАУ-2026

ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ: САЯСИ ПАРТИЯЛАР ӨКІЛДЕРІНЕ ЗАҢНАМА ТАЛАПТАРЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

Қызылорда облысының аумақтық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының алдағы сайлауына дайындық аясында саяси партиялардың облыстық филиалдарының өкілдеріне арналған оқыту семинарын өткізді.

Іс-шараның мақсаты – Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасына енгізілген өзгерістерді түсіндіру, Құрылтай депутаттарын сайлауды ұйымдастырудың өзекті мәселелерін талқылау және сайлау науқанын өткізу тәртібіне қатысты заңнамалық нормаларды жан-жақты түсіндіру.

Семинарға еліміздегі барлық жеті саяси партияның Қызылорда облыстық филиалдарының төрағалары мен өкілдері қатысты. Жиынды ашқан Қызылорда облысының аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Әділбек Ерсұлтанов алдағы сайлау науқаны заңдылық, ашықтық, жариялылық және алқалық қағидаттары негізінде ұйымдастырылатынын атап өтті. Сондай-ақ Құрылтайы депутаттарын сайлау барысында сайлау заңнамасының талаптарын қатаң сақтау, саяси партиялардың құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігін қамтамасыз ету – сайлау комиссиялары жұмысының негізгі басымдықтарының бірі екенін жеткізді.

Семинар барысында қатысушыларға сайлау науқанының негізгі кезеңдері мен заңнамалық талаптары бойынша үш тақырыптық баяндама ұсынылды. Қызылорда облысының аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы Аяғөз Сырлыбаева «Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауының ерекшеліктері» тақырыбында баяндама жасап, сайлаудың құқықтық негіздері, ұйымдастыру тәртібі және заңнамадағы жаңашылықтарға тоқталды.

Комиссия мүшесі Абай Тағыберген «Құрылтайы депутаттарын сайлау науқаны кезеңінде саяси партиялардың сенім білдірген адамдары мен байқаушыларының жұмысын ұйымдастыру мәселелері, үгіт жүргізудің тәртібі» тақырыбында сөз сөйлеп, сайлау процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері, үгіт жүргізудің заңнамалық талаптары және байқаушылар қызметінің ерекшеліктерін түсіндірді.

Ал комиссия мүшесі Берлібек Ахмет «Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттығына кандидаттарды мемлекеттік және мемлекеттік емес қаржыландыру мәселелері» тақырыбында баяндама жасап, сайлау қорларын қалыптастыру, қаржылық есептілік және қаржыландырудың заңда белгіленген тәртібі жөнінде жан-жақты ақпарат берді.

Семинар барысында қатысушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, сайлау процесін ұйымдастырудың практикалық мәселелері бойынша пікір алмасты.

Аумақтық сайлау комиссиясы алдағы уақытта да сайлау процесіне қатысушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жалғастырады.

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТҰРАҚТЫ БАҚЫЛАУДА

Өңір тұрғындары облыс әкімінің жеке қабылдауына жазылу үшін eGov порталы, e-Отinish бірыңғай платформасы арқылы немесе әкімдікке жазбаша өтініш қалдыра алады.

Қабылдауларда көтерілген әрбір мәселе жан-жақты қаралып, өтініштер бойынша жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеліп келеді. Олардың орындалуы тұрақты бақылауда болады.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев азаматтарды кезектілік тәртібімен

жеке қабылдады. Осы жолғы қабылдауға 13 адам тіркелсе, оның екеуі онлайн қосылды.

Келушілердің басым бөлігі әлеуметтік асфальт және 5 сантиметрлік қиыршықтасты-мастикалық асфальт-бетон төселеді.

Одан әрі қарай аймақ басшысы индустриялық аймақтағы, атап айтқанда шыны, құрылыс материалдары өндірісін көріп шықты.

Шыны кластерін дамытудағы негізгі жобалардың бірі – «Orda Glass

гемодиализ қабылдайтын науқастарға көрсетілетін медициналық көмекті жетілдіру жайына тоқталды.

Өңірде созылмалы бүйрек жетіспеушілігіне шалдыққан 358 адам амбулаториялық гемодиализ орталықтарында ем қабылдайды. Бүйрек трансплантациясына мұқтаж азаматтардың ұсыныстары назарға алынып, көтерілген бастамаларға қолдау көрсетіледі.

«Саяхат» шағын ауданының тұр-

ғыны үйге жапсарлас орналасқан электр тарату жәшігін басқа орынға ауыстыруды сұрады. Өтініш қолдау тауып, тоқ жәшігі көшірілетін болды. Маусым айында баспанасы мен ауласындағы құрылыс дүкені өртенген Қызылжарма ауылының тұрғыны да қабылдауға келді. Оған қолданыстағы тәртіпке сәйкес әлеуметтік көмек тағайындалған. Сонымен қатар алдағы уақытта тұрғын үй салуға қолдау көрсетіледі.

Құрылыс индустриясы бағытында да бірқатар кәсіпорын тұрақты жұмыс істеп тұр. Атап айтқанда, «Саз-М» ЖШС жылына 90 млн дана кірпіш өндіреді. Ал ЖК «Акселеу» кәсіпорны жылына 6 млн дана күйдірілген кірпіш шығарады, 25 адамды тұрақты жұмыспен қамтыған.

Индустриялық аймақта жана инвестициялық жобаларды іске асыру жалғасуда. Еске салсақ, биыл 28 мамырда испаниялық Rosa Group компаниясының санитарлық-техникалық бұйымдар өндіретін зауыты мен Seven Rivers компаниясының шыны бөтелке зауытының қапсуласы салынды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

/// БРИФИНГ

GEOPARK ARAL: БІРЕГЕЙ ЖОБАНЫҢ БОЛАШАҒЫ



Арал ауданында инфрақұрылымды жаңарту, газдандыру, құрылыс және өзге де салаларда тың жобалар жүзеге асырылуда. Инвестиция, салық және басқа да түсім түрлері артты. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте аудан әкімі Аманжол Оңғарбаев айтып берді.

– Биылғы алғашқы жартыжылдықтың негізгі көрсеткіштеріне келсек, өнеркәсіп өндірісінің көлемі 18,7 млрд теңге болып, 105,7 пайызға жетті. Құны 5,8 млрд теңге болатын 3 жобаны пайдалануға беріп жатырмыз. Атап айтар болсақ, «Qazaq Cam-el» ЖШС-ның түйе сүтінен құрғақ ұнтақ шығаратын, «Тоғыс-Аралотын» ЖШС-ның жоғары сұрыпты ас тұзын өндіретін зауыттары іске қосылды. Бұдан бөлек «Эко Энерджи Плюс» ЖШС-ның автомобильге газ толтыру компрессорлық станциясы бар көпфункционалды жол бойындағы кешені және жыл соңында дейін іске қосылуы тиіс тағы бірнеше жоба бар, – деді аудан әкімі.

Сондай-ақ мал басында өсім байқалды. Ата-кәсіпке айналған балық шаруашылығы да қарқынды дамып келеді. Кіші Арал теңізінің учаскелері, Сырдария өзені және көлдер, он балық өңдеу зауытты бар. Жыл басынан 3621 тонна балық өңделіп, 1728 тоннасы шетелге экспортталды. Екі кәсіпорын өнімдері Еуропа нарығына шығады, балықты сұрыптап қатыратын және сақтайтын 15 цех жұмыс істеп тұр. Сондай-ақ тоған шаруашылығы және тұйық жүйелі сумен қамтамасыз ету құрылғылары арқылы, тауарлы балық өсірумен 16 шаруашылық айналысады.

Аудан әкімі Арал теңізі мәселесіне шетелдіктер мен халықаралық қорлардың назарын аударуға, өңірдегі экологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған маңызды жобалар Үкіметтің және аймақ басшысының тікелей назарында екенін айтты.

– Өлемдік, халықаралық банктер мен қорлардың өкiлдерi, елшiлер келiп, экологиялық апат аймағына, теңiзге деген жанашырлықтан туындаған әр бастамаға қолдау көрсетiп, жобаға жан бiтiруге ынталы. Осы ретте ауданда Орта Азияда алғаш болып «Geopark Aral» туристiк орталығы ашылды. Бұл – тек инфрақұрылымдық жоба емес, өңiрдiң табиғи, тарихи, геологиялық, мәдени және экологиялық бай мұрасын сақтап танытатын, сондай-ақ халықаралық стандарттарға сай туристiк орталық болмақ. «Geopark Aral» – ЮНЕСКО жаһандық геопарктерiнiң қатарына енуге ниеттi Орта Азиядағы бiрден-бiр бастама. Бұл жоба экотуризмдi дамыту, халықты экологиялық бiлiммен қамту, тұрақты

табыс көзiн қалыптастыру және Аралдың бай мұрасын келер ұрпаққа жеткiзудi мақсат етедi. ЮНЕСКО-ның жаһандық геопарктерiнiң қатарына қосылсақ, бiрнеше туристiк нысанды халықаралық деңгейде дамыту үшiн халықаралық қорлардан қаржы тартуға мүмкiндiк туады. Жакында халық-аралық сарапшылар геопарк аумағында негiзгi бағалау миссиясын өткiздi. Оның қорытындысы бойынша нақты шешiм қабылданады, – дедi аудан әкiмi.

Байқағанымыз, жыл басынан берi iшкi туризм, өзге елден келушiлер саны артқан. Құрылыс саласында да серпiн бар. Бiрiншi жартыжылдықта ауданда 21,7 млрд теңгенiң құрылысы жүргiзiлдi. Биыл 16,3 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берiлiп, былтырмен салыстырғанда 4,7 пайызға артық орындалды.

Ауызсу мәселесi де кезек-кезеңiмен шешiлiп келедi. Өткен жылы 318 шақырым ауызсу желiлерi тартылды. Ақбасты, Тоқабай, Ерiмбетжаға және Тастүбек елдi мекендерi толықтай орталықтандырылған ауызсу желiсiне қосылды. Биыл Абай елдi мекенiне ауызсу жеткiзiлдi. «Арал-Сарыбұлақ» топтық су құбырының 200 шақырымнан астам бiрiншi желiсiнiң 80 пайызы тозған. Оған былтыр республикалық бюджеттен 5,5 млрд теңге қаржы бөлiнiп, 23 шақырым су құбырының құрылысы аяқталды. Биыл жұмысты жалғастыруға республикалық бюджеттен 1,2 млрд теңге қаралып, 30 шақырымнан астам су құбырының құрылысы жүргiзiлуде.

Халықты баспанамен қамтуда жүйелi жұмыс бар. Өткен жылы 150 пәтер берiлсе, жыл соңында тағы 2 пәтерлiк 30 тұрғын үй өз иелерiне табысталды. Биыл 2 пәтерлiк 100 тұрғын үй салынады. Сондай-ақ Арал қаласы мен Сексеуiл кентiндегi ескiрген, күрделi жөндеуге жарамай қалған вокзалдардың орнына жаңа ғимараттар бой көтеруде.

Бүгiнде аудан халқының 74,3 пайызы газбен қамтылған. Биыл автоматты газ тарату станциясы ашылып, Қамыстыбас елдi мекенiне «көгiлдiр отын» берiлдi. Осы газ тарату станциясы арқылы алдағы уақытта 18 елдi мекендi табиғи газбен қамтуға мүмкiндiк туады. Қазiргi таңда демеушiлiк қаражат есебiнен «Қамыстыбас-Қарашалан» магистральдық газ құбырын салу жобасы мемлекеттiк сараптамадан өткiзiлуде. Сондай-ақ Қосжар, Аман-өткел, Бөген елдi мекендерiн табиғи газбен қамтамасыз ету мақсатында жоба-сметалық құжаттамалар әзiрленуде. Жоба толық iске асқанда аудан тұрғындарының 90,3 пайызы табиғи газдың игiлiгiн көредi.

Маңызды жобалардың бiрi – «Бейнеу-Сексеуiл» автожолының құрылысы. Ұзындығы 559 шақырым жолдың 189 шақырымы ауданға тиесiлi. Жоба толығымен жүзеге асқанда, қолданыстағы ТРАСЕКА (Еуропа-Кавказ-Азия көлiк дәлiзi) бағыты 900 шақырымға, Қытай Халық Республикасынан Ақтауға дейiн жүк жеткiзу мерзiмi 2 тәулiкке қысқарады. Бұл Транскаспий халықаралық көлiк бағыты дәлiзiнiң жанында экономикалық тұрғыдан ыңғайлы орналасқан теміржол бойындағы елдi мекендердiң дамуына серпiн бередi. Сондай-ақ аудан орталығынан шалғайдағы Құланды, Ақбасты, Ақсепе, Қосаман, Беларан елдi мекендерiне қатынайтын автожолдың мәселесi де түбегейлi шешiмiн табады.

Көлiк инфрақұрылымын дамытуда тындырымды iс атқарылуда. Жолдар мен көшелер жөнделiп, жарықтандырылды. Электрмен жабдықтау сапасын жақсарту үшiн жаңғырту жұмысы жанданған.

Аудан әкiмi бiлiм, денсаулық, мәдениет пен спорт салаларында атқарылған ауқымды жұмыстарға да тоқталды.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

КӘСІПКЕРЛІК НЫСАНДАРДЫҢ ЖҰМЫСЫ ТҰРАҚТЫ

Сырдария ауданында негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің өсімі байқалып отыр. Жыл басынан бері өнім өндіру көлемі ұлғайған, кәсіпкерлік саласында оң өзгерістер көрініс берді. Ауыл шаруашылығында ауқымды істер атқарылып, білім, денсаулық және өзге де салаларда байыпты бастамаларға жол ашылды.

Аудан әкімі Берік Сәрменбаевтың айтуынша, жергілікті бюджет жыл басында 10 млрд теңгеге бекітілсе, шілде айындағы нақтылаумен ол 13 млрд теңгеге жетті. Алғашқы тоқсанда 55,8 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, көрсеткіш 4 есе артты. Өңдеу өнеркәсібінде де осындай өзгерістер бар.

– Ауданның кәсіпкерлік саласын дамытуға ерекше көңіл бөлініп келеді. Қазір 2354 шағын және орта кәсіпкерлік нысаны тіркелген. Оның 98,3 пайызы халыққа тұрақты қызмет көрсетеді. Биыл мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында 70 жобаға қаржылай қолдау жасалды. Бұл жобалар «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы, «Аграрлық несие корпорациясы», «Қазароқаржы» мекемелері және «Ауыл аманаты» жобасы аясында қолдау тапты.

Ауданның негізгі тіршілік көзі ауыл шаруашылығына бағытталған. Осы орайда агроөнеркәсіп кешенін дамыту үшін тиісті іс-шаралар атқарылып келеді. Биыл 32473 гектар ауыл шаруашылығы дақылдары егілсе, оның 18541 гектары – күріш. Шаруашылық құрылымдары 4000 гектар алқапқа лазерлік тегістеу жүргізді, – деді аудан әкімі өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.

Атап өтерлігі, жакында жүгері дақылын терең өңдеу зауытының іргетасы қаланды. Жоба құны – 40 млрд теңге. Ігілікті істі «Қызылорда крахмал-сірне зауыты» серіктестігі қолға алып отыр. Бұл жұмыс суды аз қажет ететін дақылдарды әртараптандыру бағытында жүзеге асады. Онда алғашқы кезекте өнім жинау қоймасы мен кептіру қондырғысы орнатылады. Өнеркәсіп орны қазан айынан жүгері дақылын қабылдай бастайды. Толық аяқталғанда 500 адам еңбекпен қамтылады. Жергілікті шаруалар 738 гектарға жүгері дақылын екті.

– Ауданда аяқсу шығынын азайту ісіне мән беріліп отыр. Шаруашылықтар демеушілігімен 7 каналды бетондау үшін жоба-сметалық құжаттар әзірленді. Бұл келешекте 95 шақырым канал ішін бетондауға жол ашады. Биыл қашыртқы, каналдарды тазалау, гидро-техникалық құрылыстарды жөндеуге көңіл бөлінді.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, баға тұрақтылығын сақтау үшін 809 гектар көкөніс-бақша дақылдары егілді. Атап айтқанда, Айдарлы, Жетікөл, Аманкелді, Шіркейлі, Бесарық, А.Токмағанбетов ауылдарында жастар бригадалары игілікті істі қолға алды, – деді аудан әкімі.

Ауданда өткен жартыжылдықта 10,5 мың шаршы метр тұрғын үй салынып, құрылыс жұмыстарының көлемі 15,1 млрд теңге болды. Тереңөзек кентінен осал топтарға 100 пәтерлік 50 тұрғын үй сатып алуға 1,5 млрд теңге бөлінді. Облыстық маңызы бар «Қызылорда-Жалағаш» автомобиль жолының бойында орналасқан көпірді күрделі жөндеуге мән берілді. Аудан орталығындағы теміржол



вокзалы заманауи талаптарға сай жаңадан салынууда.

Сырдариялық тұрғындар сапалы ауыз-сумен толықтай қамтамасыз етілген. Былтыр «Сыр суы» өндірістік бөлімшесі арқылы Айдарлы, Жетікөл, Қоғалыкөл, Шіркейлі, Ақжарма, Інкәрдария, Қалжан ахун елдi мекендерiнiң су жүйелерiне күрделi жөндеу жасалды. Ендiгi кезекте Тереңөзек кентi, Аманкелдi, Бесарық, Шаған, А.Токмағанбетов, С.Сейфуллин ауылдарында жалғасын табаду.

– Ауданда елдi мекендердi табиғи газбен қамту көрсеткіші жыл өткен сайын жақсарып келеді. Былтыр Н.Лиясов, Шаған тұрғындары «көгілдір отынға» қол жеткізді. Биыл бұл үшін республикалық және облыстық бюджет есебінен 5,1 млрд теңге қаралған. Бүгінде Ақжарма елдi мекенiн газдандыру толықтай аяқталып, қабылдау жұмыстары жүргізілуде. Шіркейлі және Қоғалыкөл ауылдарына тиісті қаражат қарастырылса, Бесарық елдi мекенiне газ тарту жакын арада қолға алынады. Осылайша алдағы уақытта ауданда газбен қамту көрсеткіші 80 пайыздан асады, – деп аудан әкімі сөзін толықтырды.

Қазір Сырдарияда электр желісінің тозу деңгейі 61 пайыз, жакын арада 50 пайызға дейін төмендету ойластырылып отыр. Кейінгі жылдары Айдарлы, Жетікөл, Аманкелді, Қоғалыкөл, Шаған, Қалжан ахун ауылдарында электр желісін қайта жабдықтау толықтай аяқталды. Енді мұндай жұмыстар А.Токмағанбетов, С.Сейфуллин елдi мекендерiнде жалғасады. Оған қоса мұндай жобаны Тереңөзек кенті мен Н.Лиясов ауылында жүзеге асыру үшін бюджеттік өтінім берілді.

– Айта кетсек, ауданда үш ауысымда оқитын және апаттық жағдайдағы мектеп жоқ, 3-6 жас аралығындағы бүлдіршіндер балабақшамен толықтай қамтылған. Сондай-ақ денсаулық сақтау саласы бойынша компьютерлік томография, цифрлы маммограф, портативті УЗИ, жылжымалы рентген аппараттары орнатылып, диагностика жаңа деңгейге көтерілді. Ауданда ауруханада терапия бөлімшесі қайта жаңғыртудан өткізілді. Мәдениет және руханият, спорт салаларында да оң өзгерістер бар, – деді аудан әкімі сөзін түйіндеп.

Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»

ТАСБӨГЕТТІҢ КӨШЕЛЕРІ КӨРКЕЙІП КЕЛЕДІ

Бүгінде 23,6 млрд теңгеге қала және қалаға қарасты кенттер мен ауылдық округтегі 70 көше қайта жаңғыртылып, күрделі және орташа жөндеуден өтуде. Соның бірі – Тасбөгет кентінде жүріп жатқан жол инфрақұрылымы жобалары.

– Бір жобада 5 көшені қайта жаңғырту қарастырылған. Атап айтсақ, құрылыс Н.Назарбаев даңғылынан бастап Ш.Есенов көшесіне дейін жалғасады. Сондай-ақ гидротоспаға қарай, яғни А.Иманов көшесі де осы жобаға кіреді. Бұған қоса Бозғұл-1 мен Наурыз көшелерінде де жөндеу жүріп жатыр. Бір айта кететін жайт, мұндағы басты көшелерге жаяу жүргіншілер жолы қосымша салынууда. Аяқсу арнасы және жарық шамдарын орнату да қарастырылған. Төрт жолақты жолдың құрылысын «Автомобиль жолдары басқармасы» ЖШС жүргізіп жатыр, – дейді қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Айдын Әнуар.

Кенттегі 5,5 шақырым жол құрылысына бюджеттен 4 млрд 713 млн теңгеге жуық қаржы бөлінген. Құрылыс наурыз айында басталған, алдағы тамызда аяқталуы тиіс. Қазірдің өзінде жолдың біткен бөліктерін көлікке арналған жол бөлу сызықтары сызылуда.

Айта кетейік, облыс аумағында жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы – 3525 шақырым. Оның 1025 шақырымы – республикалық, 555 шақырымы – облыстық, 1945 шақырымы – аудандық маңызы бар автомобиль жолдары.

Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

ТАБИҒИ ГАЗ: ТАРИФТІ БЕЛГІЛЕГЕНДЕ НЕ ЕСКЕРІЛЕДІ?

Кейінгі жылдары елімізде газ өндірісі мен газға деген сұраныс қатар өсіп келеді. Бұған іске асып жатқан инвестициялық жобалар және тұтынушылар санының артуы ықпал етті.

Өңір тұрғындарының табиғи газ жаға бастағанына, отын тасып, күл шығарудан босағанына жиырма жылдан асыпты. Алдымен Қызылорда қаласының жылу көздерін және тұрғын үй секторын ілесіп газға көшіруге арналған жоба қолға алынды. Кейін облыстың елді мекендерін газдандыру кезек-кезеңімен жүзеге аса бастады. Табиғи газ халықтың жайлы тұрмысына оң әсер еткен, әл-ауқатын жақсартқан игіліктердің бірі болғандықтан, жергілікті атқарушы органдардың мақсаты – ауыл-аймақты газдандыру ісін неғұрлым жетілдіре түсу.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы мен Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті ұсынған мәліметке қарағанда, кейінгі жылдың өзінде 56,5 млрд теңге бөлініп, 35 ауылға газ қосылған. Соның арқасында халықты газдандыру деңгейі 75 пайыздан 83 пайызға дейін өсті.

Биыл 14 жобаны іске асыруға 4,7 млрд теңге қаралған. Бұл – жыл соңына дейін тағы 10 елді мекен тұрғындары табиғи газ тұтына бастайды, газдандыру көрсеткіші 85 пайызға жетеді деген сөз.

Күнделікті қолданып отырған тауарлы газ тарифі қалай қалыптасады? Табиғи газ бағасының өзгеруіне не әсер етеді? Қазіргі уақытта тұрғындарды қызықтырған осы сауалдарға мамандар ұсынған ақпаратты негізге алып, жауап беріп көрейік.

Өткен жылы Қызылорда облысының тұрғындары 896 млн текше

метр газ тұтынған. Өңірге екі магистральдық құбыр, атап айтсақ, 90 пайыздан астамы «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбыры арқылы тасымалданады, қалған бөлігі «Ақшабұлақ-Қызылорда» газ құбыры арқылы жеткізіледі.

Табиғи газдың түпкілікті тарифі үш негізгі құрамдас бөліктен тұрады:

Біріншісі – көтерме саудадағы газ бағасы. Бұл – газ өндірушіден немесе өңдеушіден сатып алынатын газдың құны. Көтерме бағаны ҚР Энергетика министрілігі бекітеді.

Екіншісі – газды тасымалдау тарифі. Бұл газды магистральдық және газ тарату желілері арқылы тұтынушыға дейін жеткізуге кететін шығындарды қамтиды.

Үшіншісі – жабдықтау үстемесі. Оның құрамына газды өткізу, тұтынушыларға қызмет көрсету және

авариялық-диспетчерлік қызметтердің шығындары кіреді.

Шілденің 1-не дейін облыс тұрғындары табиғи газдың 1 текше метріне 21,54 теңге қосылған құн салығынсыз (ҚҚС-сыз), ал қосылған құн салығын (ҚҚС) қоса есептегенде 24,99 теңге төлеп келді. Бұл тарифтің негізгі бөлігін көтерме саудадағы газ бағасы құрайды.

Энергетика министрінің 2025 жылғы бұйрығына сәйкес, ішкі нарықтағы тауарлы газдың көтерме саудадағы шекті бағалары қайта бекітілді. Соған сәйкес, 2026 жылдан бастап Қызылорда облысы үшін көтерме саудадағы газ бағасы 66 пайызға, қосылған құн салығын (ҚҚС) қоса есептегенде 1 текше метріне 21,1 теңгеден 35 теңгеге дейін өсті.

Аталған министрліктің ақпаратына сүйенсек, қазір 1 текше метр газды Қызылорда облысына дейін жеткізудің көтерме саудадағы өзіндік құны 59,61 теңге. Демек бекітілген көтерме баға 35 теңге болғандықтан,

газды өндіру, өңдеу, тасымалдау және тұтынушыға жеткізуге жұмсалатын нақты шығындар толық өтелмейді. Соның салдарынан газды тасымалдап өткізетін «QazaqGaz» ұлттық компаниясы айтарлықтай шығынмен жұмыс істеуде.

Көтерме саудадағы газ бағасы өскен соң, облыс тұрғындары үшін табиғи газдың түпкілікті тарифі ҚҚС-пен бірге есептегенде 24,99 теңгеден 36,8 теңгеге дейін қымбаттады. Дегенмен өңірдегі тариф басқа облыстармен салыстырғанда орташа деңгейден төмен.

Табиғи газды тұтыну көлемі жыл сайын артып келеді. Елді мекендер газдандырылып, жаңа тұрғын үйлер, әлеуметтік және өндірістік нысандар табиғи газға қосылып жатқандықтан, тұтынушылар саны көбеймесе азаймайтыны анық. Бұл жаңадан газ құбырларын салу, қолданыстағы желілердің өткізу қабілетін арттыруды талап етеді. Осы орайда «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының екінші желісінің құрылысы басталуда. Жоба газ тасымалдау жүйесінің сенімділігін күшейтуге, өткізу қабілетін арттыруға және жылдан-жылға өсіп келе жатқан табиғи газға деген сұранысты қамтамасыз етуге бағытталған.

Қолданыстағы магистральдық газ құбырларын, газ тарату станцияларын және басқа да инфрақұрылым нысандарын кезек-кезеңімен жаңғырту үшін тұрақты қаржыландыру қажет.

Табиғи газ тарифін өзгертендегі мақсат – тек төлемді арттыру емес, инфрақұрылымды жаңғырту, газ жүйесінің қауіпсіздігі мен сенімділігін, халықты сапалы табиғи газбен үздіксіз, ұзақ мерзімге қамтамасыз ету.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА, «Сыр бойы»

3 шілде 2026 жыл

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ
№250

Қызылорда қаласы

«2026-2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ОБЛЫСТЫҚ БЮДЖЕТ ТУРАЛЫ» ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2025 ЖЫЛҒЫ 9 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ №199 ШЕШІМІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ КАБЫЛДАДЫ:**
1. «2026-2028 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2025 жылғы 9 желтоқсандағы № 199 шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«1. 2026-2028 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2026 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:
1) кірістер – 605 305 930,1 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер – 41 150 118,0 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 5 643 369,5 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 50 000,0 мың теңге;
арнаулы түсімдер – 4 584 494,0 мың теңге;
трансферттер түсімдері – 553 877 948,6 мың теңге;
2) шығындар – 602 149 474,2 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – - 66 600 738,1 мың теңге;

бюджеттік кредиттер – 106 540 157,0 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 39 939 418,9 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 3 536 459,9 мың теңге;
қаржы активтерін сатып алу – 3 536 459,9 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;
5) бюджет тапшылығы (профицит) – –66 980 742,1 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профициттің пайдалану) – 66 980 742,1 мың теңге;
қарыздар түсімі – 106 540 157,0 мың теңге;
қарыздарды өтеу – 43 761 022,9 мың теңге;
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 4 201 608,0 мың теңге.»;
5-тармақ мынадай мазмұндағы 10), 11) тармақшалармен толықтырылсын:
«10) жолаушылар маршрутын субсидиялау;
11) Конго-Қырым геморагиялық қызбасына қарсы залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу.»;

12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«12. Облыстың жергілікті атқарушы органының 2026 жылға арналған «толық бітіріп берілетін» құрылыс туралы шарттар бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің лимиті 66 196 557 мың теңге сомасында бекітілсін.
Қызылорда облысы бойынша «толық бітіріп берілетін» құрылыс жобаларының тізмі осы шешімнің 6-қосымшасына сәйкес бекітілсін.»;
аталған шешімнің 1, 4, 5-қосымшалары осы шешімнің 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;
аталған шешім осы шешімнің 4-қосымшасына сәйкес 6-қосымшамен толықтырылсын.
2. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының
төрағасы М.Т.ЛЕУМБЕТОВ

Қызылорда облыстық мәслихатының 2026 жылғы «3» шілдедегі № 250 шешіміне 1-қосымша			
Қызылорда облыстық мәслихатының 2025 жылғы «9» желтоқсандағы № 199 шешіміне 1-қосымша			
2026 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ОБЛЫСТЫҚ БЮДЖЕТ			
Санаты	Сыныбы		Сомасы, мың теңге
	Ішкі сыныбы	Атауы	
		1. Кірістер	605 305 930,1
1		Салықтық түсімдер	41 150 118,0
	03	Әлеуметтік салық	40 254 672,0
	1	Әлеуметтік салық	40 254 672,0
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	895 446,0
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	432 138,0
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	463 308,0
2		Салықтық емес түсімдер	5 643 369,5
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	5 375 532,5
	1	Мемлекеттік қаспоярындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	125 400,0
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	144 000,0
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	5 106 132,5
	03	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуы өткізуден түсетін ақша түсімдері	1 650,0
	1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуы өткізуден түсетін ақша түсімдері	1 650,0
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	266 187,0
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	266 187,0
3		Негізгі капиталда сатудан түсетін түсімдер	50 000,0
	01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	50 000,0
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	50 000,0
4		Арнаулы түсімдер	4 584 494,0
	01	Арнаулы түсімдер	4 584 494,0
	1	Арнаулы түсімдер	4 584 494,0
5		Трансферттердің түсімдері	553 877 948,6
	01	Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	23 064 649,6
	2	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерден трансферттер	23 064 649,6
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	530 813 299,0
	1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	530 813 299,0
Функционалдық топ			
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама	Атауы	
		2. Шығындар	602 149 474,2
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	6 549 480,3
	110	Облыс мәслихатының аппараты	186 136,0
	001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	186 136,0
	120	Облыс әкімінің аппараты	3 878 633,3
	001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	3 558 702,1
	007	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	484,0
	009	Әкімдерді сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	319 447,2
265		Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы	338 698,0
	001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	338 698,0
269		Облыстың діни істері басқармасы	491 324,0
	001	Жергілікті деңгейде діни істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	85 823,0
	005	Өмірде діни ахуалды зерттеу және талдау	199 228,0
	113	Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	206 273,0
282		Облыстың тексеру комиссиясы	418 602,0
	001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	418 602,0
299		Облыстың экономика және қаржы басқармасы	637 736,0
	001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту, жергілікті бюджетті атқару және коммунальдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	636 019,0
	021	Жекешелендіру, коммунальдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	1 717,0
